

Павлодар облысы бойынша орманды пайдаланғаны үшін 2018 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 наурыздағы № 219/21 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 наурызда № 5926 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексінің 14-бабы 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 587-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2009 жылғы 12 маусымдағы "Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалану үшін төлем ставкаларын есептеуге арналған Ережелер мен Әдістемелік нұсқаулықтарды бекіту туралы" № 344 бұйрығына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018 жылға арналған орманды пайдаланғаны үшін келесі төлемақы мөлшерлемелері:

1) Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының орман және жанаурлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер бойынша 1-қосымшаға сәйкес;

2) Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи парк бойынша 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты бойынша 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі Орман

шаруашылығы және жануарлар

дүниесі комитетінің Павлодар облыстық

орман шаруашылығы және жануарлар

М. Стрелковская

Б. Бексейітова

дүниесі аумақтық инспекциясы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

2018 жылғы "14" наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

"Павлодар облысының жер қойнауын

пайдалану, қоршаған орта және су

ресурстары басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

2018 жылғы "14" наурыз

Қ. Қ. Аметов

Қ. Қ. Сатиев

Облыстық мәслихаттың
2018 жылғы 14 наурыздағы
№ 219/21 шешіміне
1-қосымша

Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының орман және жанаурлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер бойынша 2018 жылға арналған орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Атауы	Өлшем бірлігі	2018 жылға бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (теңге)
1	2	3
1. Шөп шабу		
Шабынды пайдаланатын жерлер	1 гектар	1 398
2. Мал бағу		
Ірі мал (ІҚМ, жылқы)	1 бас	870
Ұсақ мал (қой)	1 бас	217
Ұсақ мал (ешкі)	1 бас	761
Ірі қара мал төлі	1 бас	435
3. Ара ұялары мен омарталардың орналасуы		
Ара ұясын орнату	1 ара ұясы	1 553
4. Екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындау		
Қайың бұтақтары	1 килограмм	55
5. Мемлекеттік орман қорының учаскелерін ұзақ мерзімге пайдалану		
Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсатында	1 гектар	776
Рекреациялық, туристік және спорттық мақсатта	1 гектар	2 206
6. Мемлекеттік орман қорының учаскелерін қысқа мерзімге пайдалану		
Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсатында	1 гектар	1 адам үшін 240 теңге күніне
Рекреациялық, туристік және спорттық мақсатта	1 гектар	1 адам үшін 240 теңге күніне

Облыстық мәслихаттың

**Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи парк бойынша
2018 жылға арналған орманды пайдаланғаны үшін
төлемақы мөлшерлемелері**

Атауы	Өлшем бірлігі	2018 жылға бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (теңге)
1	2	3
1. Шөп шабу		
Шабынды пайдаланатын жерлер	1 гектар	1 599
2. Мал бағу		
Ірі мал (ІҚМ, жылқы)	1 бас	995
Ұсақ мал (қой)	1 бас	249
Ұсақ мал (ешкі)	1 бас	871
Ірі қара мал төлі	1 бас	498

**"Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты
бойынша 2018 жылға арналған орманды пайдаланғаны
үшін төлемақы мөлшерлемелері**

Атауы	Өлшем бірлігі	2018 жылға бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (теңге)
1	2	3
1. Шөп шабу		
Шабынды пайдаланатын жерлер	1 гектар	1 563
2. Мал бағу		
Ірі мал (ІҚМ, жылқы)	1 бас	973
Ұсақ мал (қой)	1 бас	243
Ұсақ мал (ешкі)	1 бас	851
Ірі қара мал төлі	1 бас	486